

KraneShares CSI China Internet ETF

Қытай технологияларына инвестиция салу

Тикер NYSE: KWEB

Мақсатты баға (12М): \$43,1

Әлеует: 38%

Ағымдағы баға: \$31,2

Див. кірістілік: 0,13%

18 қазан 2024

Инвестициялық тезис

Үкіметтің экономика мен ішкі тұтынуды ынталандыруы аясында Қытай экономикасы қалпына келтіру сатысында тұр. Қытайдың интернет компаниялары онлайн-коммерциядағы жоғары экспозицияға байланысты тұтыну өсімінің басты бенефициарлары болып табылады.

ETF KraneShares CSI China Internet Қытай экономикасын қалпына келтіруден жоғары кіріс алу мүмкіндігін ұсынады.

Өсім факторлары:

- Қытайдың АКС жеңілдеуі.** Үкімет жылжымайтын мүлік нарығына, ішкі тұтынуға және қор нарығына бағытталған экономиканы ынталандырудың бірқатар шараларын жариялады. Қытай ЖІӨ өсімі бойынша 5% мақсатты көрсеткішке қол жеткізуді жоспарлап отыр, бұл жарияланған шаралардың аясында қолжетімді. Ынталандыру бағдарламасы қысқа мерзімді болашақта ғана емес, ұзақ мерзімді болашақта да нәтиже береді.
- Технологиялық компаниялардағы экспозиция.** Ішкі тұтынудың өсуі бірінші кезекте Alibaba, JD.com және PDD сияқты маркетплейстерге әсер етеді. Baidu және Tencent сияқты басқа технологиялық компаниялар өңірде генеративті ЖИ-ді дамытудың бенефициарлары бола алады.
- Төмендетілген бағалар.** Соңғы 10 жылда орташа P/E 30,9 пункті құрады, бұл ағымдағы мәннен 23%-ға жоғары. Қытай компанияларының өте төмен бағалары ұзақ мерзімді инвестициялар үшін мүмкіндіктер ашады. Әлемдік қор индекстерімен салыстырғанда Қытай компанияларының бағалары ең төменгі деңгейде тұр.

Қытай компанияларының орташа P/E



Дереккөз: Refinitiv

Көрсеткіштер:

Басқаруындағы активтер	\$7 076 000 000
Иелігіндегі БҚ валютасы	USD
Құрылған күні	31.07.2013
Активтер класы	Equity
Басқарғаны үшін комиссия	0,70%
Бета	1,59
Биржа	NYSE

Топ 10 позиция:

Компания	Тикер	Үлес %
Alibaba	9988	10,4
Tencent	700	10,2
Meituan	3690	10,2
JD.com	9618	7,4
PDD	PDD	6,4
KE Holdings	BEKE	4,6
Trip.com	9961	4,2
Full Truck	YMM	3,7
Baidu	9888	3,6
Vipshop	VIPS	3,4

Кіші секторлар бойынша компаниялар:

Маркетплейстер	Alibaba, Meituan, JD.com, PDD, Trip.com, KE Holdings, Vipshop
Медиа	Tencent, Baidu

Орташа жылдық кірістілік:

1д	3д	5д	10д
29,13%	-6,67%	-1,47%	1,58%

Қасымжан Едіге

Аналитик

yekassymzhan@bcc-invest.kz

Маңызды ақпарат. Дисклеймер

«BCC Invest» АҚ клиенттері үшін тәуекел туралы ақпарат

Маңызды ақпарат:

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Бұл материалды тарату инвестиция жасау жөнінен кеңес беру қызметі болып табылмайды. Бұл материалда берілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес. Бұл материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған осы ақпаратты ғана негізге алмауы керек. Осы материалда көрсетілуі мүмкін есептерді, тарихи деректер мен өзге ақпаратты BCC Invest қызметкерлері бұқаралық ақпарат көздерінен алынған ақпарат пен деректер негізінде дайындаған. BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес. «BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты ақпаратты алушы тек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелді өзі көтереді.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты ақпаратты алушы ек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелді өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыным және/немесе сату бойынша міндеттеме, мәміле жасасуға ынталандыру және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оған қоса зейнетақы активтерін инвестициялаудың ақпаратты алушының нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ұсыным болып табылмайды.

Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, олар туралы ақпаратты BCC Invest ұсынатын базалық активтердің әртүрлі түрлерімен туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі — «Қаржы құралдары») операцияларды жүргізер алдында, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуға тиіс және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңес өткізуге тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелдермен ұштасып жатады, олар үшін жауапкершілік BCC Invest-ке жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекелдердің салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес. Ақпаратты алушы қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Ақпаратты алушы, егер оның экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпаратты алушының мақсаттарына, ниеттеріне және күткен нәтижесіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелдерді тудыруы мүмкін. Сондықтан осы мәмілелер өзіне тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын тұлғаларға арналған. Кез келген мәмілені жасасу алдында ақпаратты алушы тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және оқиғалардың кез келген өрбуі кезінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет. Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескеру қажет. Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестициялар құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін BCC Invest ұсынылған ақпаратты пайдалану негізінде ақпарат алушы алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдіктер немесе растамалар бермейді және өзіне қандай да бір жауапкершілік алмайды.

«Конфликт интересов»

«BCC Invest» АҚ брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарттардың үлгілік нысандарында жазылғанға ұқсас қызметтерді үшінші тұлғаларға көрсететінін, сондай-ақ өзге шарттар бойынша үшінші тұлғалардың тапсырмаларын қабылдайтынын және үшінші тұлғалардың мүдделері мен өз мүдделері үшін бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер мен өзге де операцияларды жүзеге асыратынын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай кәсіптік қызмет түрлерін қоса атқару тәртібімен үшінші тұлғаларға өзге де қызметтер, оның ішінде ақпараттық қызмет, қаржылық кеңес беру, андеррайтинг қызметтерін, облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметін, активтерді сенімгерлік басқару және маркет-мейкер қызметтерін көрсететінін хабарлаймыз.

Жоғарыда аталған қызметтерді көрсету барысында «BCC Invest» АҚ осындай қызметтер үшін сыйақы алады, бұл «BCC Invest» АҚ мен клиенттің арасында мүдделер қақтығысының туындауына әкелуі мүмкін.

«BCC Invest» АҚ, егер мұндай мәмілені орындау мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқтырса, клиентке қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға кеңес бермейді.

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы №3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.